

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған
«Біздің Елбасы» республикалық шығармалар байқауын
қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Біздің Елбасы» республикалық шығармалар байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: балалар мен жастардың қазақстандық патриотизмін, азаматтық және әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру.

3. Байқау міндеттері:

1) балалар мен жастардың шығармашылық, танымдық, зияткерлік бастамасын белсендіру.

2) балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

3) рухани құндылықтар мен адамгершілік-эстетикалық өмірлік қағидаларға тәрбиелеу.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау **2016 жылғы 30 қараша мен 2017 жылғы 12 қаңтар** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

7. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 12 қаңтарға** дейін elbasy.k@bk.ru электронды поштасына қабылданады. Анықтама телефоны: 8(7172)72-98-99.

2016 жылғы 12 қаңтардан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2017 жылғы 19 қаңтарда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

9. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар байқау материалдарын бұқаралық ақпарат құралдарында авторды көрсете отырып жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
(резидент).

БИН 990140004733

ИИККZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

Астана қаласы, «БанкЦентрКредит» АҚ.

Төлемақы аталуы: «**Біздің Елбасы**» байқауы. Байқауға қатысушының
(жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

11. Байқауға қатысу үшін **elbasy.k@bk.ru** электронды поштасына келесі
құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

12. Байқауға 7-18 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас
санаттары бойынша қатысады:

- 1) кіші жас санаты: 7-10 жас;
- 2) орта жас санаты: 11-14 жас;
- 3) жоғарғы жас санаты: 15-18 жас.

13. Байқауға «Біздің Елбасы» тақырыбында қазақ және орыс тілдерінде
жазылған көлемі 1-2 беттен аспайтын шығармалар қабылданады.

Ресімдеуге талаптар: жұмыс Word мәтіндік редакторында А4
форматында орындалуы тиіс. Шрифт - Times New Roman. Шрифт өлшемі - 14.
Жоларалық интервал - 1.

Басты бет келесі ақпаратты қамтиды: шығарманың тақырыбы,
қатысушының аты-жөні, жасы, e-mail, жетекшісінің аты-жөні, білім беру
ұйымының толық аталуы, облыс, қала, аудан, ауыл.

4. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

15. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды
анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен,
жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың
және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары мына сілтеме

<http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> арқылы жүктеп алу мүмкіндігімен www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқаларын жүктеу үлгісі:

www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Біздің Елбасы» байқауы → жалғасы.

1-қосымша

Республикалық байқауға қатысу туралы өтінім

Қатысушының аты-жөні	жасы	мекен жайы	білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	байқаудың аталуы, номинациясы, тақырыбы	байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл.поштасы)	жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы (бар болса, толық)	жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл.поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8